

**Букенова Аружан Тойбековна**  
Қазақ журналистикасы бөлімінің 2-курс студенті  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
[guimira.sabyr@mail.ru](mailto:guimira.sabyr@mail.ru)

*Ғылыми жетекші:*  
*Амангельдиева Г.С. PhD,*  
*профессор ассистенті*

## ҚАЗІРГІ АУДАРМАДАҒЫ ҚАТЕ ҚОЛДАНЫСТАР

Тіл – қоғам мүшелерінің өзара сөйлесіп, пікір алысатын қатынас құралы. Тіл тағдыры ұлт тағдырымен тағыз байланысты болғандықтан, тілдің мәңгі жасауы халықтың ұлттық құндылықтарымен жоғары дәрежеде дәріптеледі.

Қоғамның өзгеріп, дамуына баланысты оның тілі де жарыса өзгеріп, дамып отыратыны жалпы тіл білімінде анықталған дүние. Сөйлеу тілі мен жазба тілі – жалпы тілдің өмір сүру формасы. Сондықтан әдеби тілдің жазбаша және ауызша түрлері өз ішінде бір ыңғайда бір-біріне қарама-қайшы болып келгенімен, бірін-бірі толықтырып, тұтасып кететін реті бар екенін ұмытпау керек. Сондықтан да қазіргі уақыттағы тілдің 3 өзекті, әрі талдауға қызықты деген мәселелерін таңдап алдым.

Тілді ойдың айнасы деп айтсақ, ана тілінде ойлай алмайтын адамның сол тілде таза сөйлей алмайтыны анық. Ондай адамдар ана тілінен айырылып қана қоймай, сол тілде берілетін барлық ұлттық тәрбие-тағылымнан, тарихи мұралардан мақұрым қалады деуге де болады. Бірде Мұхтар Әуезов: «Кімде-кім ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны суатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.», -деген.[1] Мұхтар Әуезовтің өзі қазақ тілі мен орыс тілінде бірдей ойлай да, жаза да алғаны белгілі. Алайда өзінің шығармашылығын қазақ тілі, халқымен тағыз байланысты.

Осыған орай бүгінде өзекті мәселелердің бірі – екі тілділік мәселесі. Қазақ тілінің келешекте қолданылу аясының кеңеюі осы мәселенің дұрыс шешілуіне байланысты. Көпұлтты еліміз үшін бірнеше тілді меңгеріп, білу аса маңызды. Алайда заман талабы деп, ана тілін ұмытып, өзге тілде сөйлеуге бірінғай ауып кеткен тұтастай бір ұрпақтың қалыптасқанын байқамай да қалдық. Орыс пен қазақ тілдерін қатар меңгерген, әрі еркін сөйлейтін мамандарды даярлау басты мақсаттардың біріне айналса да, ана тілінен өзге тілге басым көпшілік ауып кетіп жатыр. Қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасау құралы ретінде тілдің қоғамдық-саяси, мәдени және күнделікті өмірде алатын орны ерекше анық. Бірақ кейде тілдің осыншама рөлін біле тұра дұрыс сөйлеп, жазу, тіл тазалығын қадағалап отыру жағы жетіспей жатады.

Осының салдарынан тілімізде кедір-бұдыр сөйлемдер мен орфографиялық қателер жиі кездеседі. Мысалы, калька қолданысы. Калька қолданысы әр тілде әрдайым өзекті болып қалар мәселелердің бірі деп білемін. «Қайырлы таң! Қайырлы түн! Қайырлы кеш! Кеш жарық!» деген қолданыстар орыс тіліндегі одағайларды қазақ тіліне калька әдісі арқылы аударудың салдарынан туған одағайлар. Дұрысы: «Қайырлы таң тілеймін! Таң қайырлы болсын!». Салыстырмалы түрде, орыс тіліндегі «добрый день, вечер» басқа да қолданыстары қате. Дұрысы «желаю» сөзімен қатар жүру керек. Қазақ тілінде де сәлемдесу мақсатында ғана емес, тілек ретінде қолданылатынын ұмытпаған жөн.

Онымен қоса, «Күрделі бастауыш деп екі, я бірнеше сөздің тізбегінен жасалып, бір-ақ ұғымды білдіретін бастауышт болып табылады». Сөйлемде «болып табылады» тіркесі калька. Орыс тілінің «является» сөзінің аудармасы, тіліміз үшін жат екенін басым көпшілік біле бермейді. Егер сөйлемде қолданатын болсақ: «Күрделі бастауыш деп екі, я бірнеше сөздің тізбегінен жасалып, бір-ақ ұғымды білдіретін бастауышты атайды.»

«Тәуекелге бару». Бұл да орыс тілінен сөзбе-сөз аударылған. «Идти на риск» сөзінің калькасы. Қазақ тілінде «тәуекел ету» деп айтылып, жазылуы шарт.

Қазақ тілінің табиғатына қайшы үлкен қате:

Калька – кез келген тілдің болсын ауқымды мәселесі дер едім. Оны түсініп, тілдің кедір-бұдыр тұстарын ұғына білу маңызды. Осыған орай қазіргі күні әртүрлі арналар жұмыс атқарады. Мысалы, “Калькасыз қазақ тілі” телеграмм арнасы. Атауы айтып тұрғандай, тіліміздің тазалығын сақтауда өзіндік үлесін қосып жүрген арна. Бұл мәселенің де шешімә осындай арналар болмақ. Әлеуметтік желіге байланған заманда бұндай арналардың көмегі зор. Бұдан бөлек білім беру ордаларында “тіл мәдениеті” курсы ашу аса маңызды. Таза сөйлеп, ана тілінің ережесін сақтап, өзге тілдің сөздерімен шұбартпау маңызды.

Тіліміздің дамуын, ондағы өзекті мәселелерді, қазақтың болмысы мен біте қайнасқан сөз өнерін таңдаған тіл жанашырлары көп-ақ. Сондай жанашырлардың бірден бірегейі, ғұмырын ғылымға арнаған тұлға, оқу орнымыздың беделді ұстазы – Тұрмағанбет Төлешұлы Пірімбетов. Қазақ тіл білімі ғылымының үркердей шоғырына кіретін, дара тұлғалардың санатына қосылатын ғалым-ұстаз. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде филология факультетінде тілдің болуы бозарып, қыры сынбау үшін 40 жыл аянбай еңбек етті. Ғылыми зерттеу жолында Рәбиға Сыздықпен біресе, «Қазақ тіліндегі қарапайым сөздер табиғаты» деген тақырыпта диссертациясын орыс тілінде қорғап, 2011 жылы «Қазақ тілінің сөйлеу тілі элементтері (қарапайым сөздер)» еңбегі жарық көрді. Онымен қоса, 12 оқу-әдістемелік құрал, 2 электронды оқу құралы, 150-ге жуық ғылыми мақаласы бар.[2]

Ғалым атамыз тіл біліміміздегі зерттелмеген лексикалық, әрі стильдік категорияның бірі – қарапайым сөздерді зерттеген. «Қарапайым сөздер – сөйлеу тілінің бір элементі ретінде әдеби тіл нормасынан тыс тұратын, басым көпшілігі тұрпайы сөздер», -деп мағынасын ашқан.[2, 116] Негізінен қарапайым сөздер жөнінде әртүрлі көзқарастар бұл категорияның әдеби тілмен арақатынасы мәселесі турасыда байқалады. Мысалы, Ю.С.Сорокин, И.А.Осовецкий, С.Д.Кац қарапайым сөздер әдеби тілдің әртүрлі стильдері мен жанрларына қолданылатындықтан, әрі әдеби тілдің стильдік-семантикалық роль атқаратын формалар ретінде өмір сүретіндіктен де қарапайым сөздер әдеби тіл нормасынан тысқары тұрған элементтер деген пікірлерді қарсы шығарады.[2, 9] Олардың пікірінше, яғни қарапайым сөздер әдеби стильдердің негізгі бір тірегі ретінде қарапайымдылық пен төменгі/пас/стиль дәрежесін туғазатын тұлғалар, амалдар ретінде түсінеді. Ал ғалымдардың басым көпшілігі қарапайым сөздерді сөйлеу тілі элементіне жатқызады.

Қарапайым сөздердің табиғатынан туатын заңдылыққа байланысты Ф.П.Филин, Е.В.Петрищева екі жақты категория ретінде әрі әдеби, әрі әдеби емес деп қарастырады.[3, 10] Қарапайым сөз негізінен жалпы халыққа түсінікті және күнделікті тұрмыста жиі қолданылатындықтан, адамның мәдени дәрежесіне немесе алатын әлеуметтік ортасына қарамастан қолданылуы мүмкін. Ал кейде қажеттіліктен сол секілді бегілі бір стильдік мақсаттармен де жұмсалуды ықтимал.

Негізінен қарапайым сөздер әдеби тілде қолданғанда, төменгі стиль дәрежесін туғызу үшін кейіпкер, не автор тілінде кездесуі жайында айтқан Тұрмағанбет Пірімбетов. Кейбір қарапайым элементтер осы секілді стильдік мақсаттарда қолданыла жүріп, мағыналық жағынан дифференциаланып әдеби нормаға еніп кетуі мүмкін. Мысалы, бөтелке «бутылка», самаурын «самовар», бөлке «булка», қарындаш «карандаш» т.б. Бұл сөздер кезінде фонетикалық жағынан қазақ тілінің заңдылықтарына үндестіре, бағындыра қолдану нәтижесінде қазіргі әдеби тіл құрамына еніп отыр.

Ұлан байтақ қазақ сахарасының әр өлкесін қоныстанған қазақ халқы өкілдерінің ауызекі тілінде әртүрлі жергілікті айырмашылықтары бар екені белгілі. Оларды жергілікті деп атауда да мән бар, себебі ондай сөздер белгілі бір аймақты мекендейтін жергілікті халықтың тіліне ғана тән болады да , сол халықтың өзге жерлерде тұратын өкілдерінің тілінде қолданылмайды. Бұндай сөздерді «диалект» деп атаймыз.

Қарапайым сөздер мен диалектизмдер – сөйлеу тілі элементтеріне жатқанымен екеуін қатар қоюға болмайтын екі басқа категориялар. Тұрмағанбет Пірімбетовтың пікіріне

келісек, қарапайым сөздердің диалектизмнен басты айырмашылығы – диалектизмдер сияқты қарапайым сөздер белгілі бір территорияда қолданылмай жалпыхалыққа түсінікті сөздер. Мәселен, Жетісу өңірін мекендейтін қазақтар қолданатын елгезер (ұн елейтін елек), тұма (бұлақ, бастау), Жайық бойындағы қазақтардың қолданатын бойлай (ылғи), нәрегей (арық қозы) сөздері еліміздің бұд қоныстардан басқа жерлерінде тұратын қазақтардың тілінде кездеспейді.[3, 34]

Тұрмағанбет Пірімбетовтің еңбегіне, нақтырақ айтқанда, қарапайым сөздерге мән беретін болсақ, қазірде әдеби емес сөздердің шұбарлана қолданылуы жиі кездеседі.

Қарапайым сөздердің қолданысына мән берсек, қазірде әдеби емес сөздердің шұбарлана қолданылуы жиі кездеседі. Қазақ әдеби нормасына сай әдеби емес және әдеби сөздерді ажырата білу маңызды. Тіл мәдениетімен қалыптасып, бекітілген ережеге кері қолдану – тіліміздің өзекті мәселелерінің бірі. Бұл орайда да білім алу ордаларында аса мән беріп, аражігін ажырата білуді меңгеру маңызды.

Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, синтаксистік қатынасқа ендіруді ең көп қолданылатыны – септік формалары мен етістіктің шақ формалары. Бүгінде мектеп оқушылары септікті өткенде, орыс тіліндегі баламалары да қатар аталып отырады. Екі тілдегі падеж және септік формаларының мағыналары, басқа сөздермен тіркесу жүйесі сәйкес келе бермейді. Мысалы, ілік септігі. Ілік септік формасындағы зат есім әрқашан үшінші жақ тәуелді формамен тіркесте қолданылады: «Асанның қаламы. Жазираның күртесі.» деген тіркестерде ілік септігі иелік мағына білдіреді де, тәуелді форма ие сездің меншігінде теуелдік қатынаста жұмсалады. Ілік септік ешқашан тәуелді формасыз сөйлеуде қолданылмайды. Сондықтан ілік септігін өткенде, оны тәуелді формамен бірге, екеуін байланысты түрде үйрету керек.

Табыс септігінің жалғаулы және жалғаусыз айтылу жөнінде мәлімет бергенде, оның сабақты етістіктен болған сөйлем мүшесінің тікелей алдынан жалғаусыз келгенде, екеуінің арасына сөз қосылмай айтылатындығы, ал жалғаулы қолданылғанда, арасына сөз қосуға болатындығы нақты мысалдармен түсіндіріледі. Табыс септігінің жалғаулы және жалғаусыз қолданылу себебін мынадай жеңіл сөйлемдерді салыстыру арқылы ептеп түсіндірген жөн. Мысалы: «Аруна мақада жазды. Аруна мақаланы кеше жазды.»

Барыс септік орыс тілінде «направительно-дательный падеж» деп аталады. Барыс септігі мен дательный падеждің мағыналары бір-бірімен толық сәйкес келе бермейді. Барыс септігі өзімен тіркеске енетін сөздердің мағынасына байланысты әртүрлі мағына білдіреді. Оқушылардың білетін сөздерін барыс септік формасында біртіндеп, сөйлем құрамына ендіру арқылы барыс септіктің әртүрлі мағыналық қырларын меңгерту маңызды.

Жатыс септік. Жатыс септігі орысша «местный падеж» деп аталады. Тәулік мезгілдерін білдіруде жатыс септігінің қызметін нақты мысалдармен түсіндірудің маңызы зор. «Сағат екі - время два часа. Сағат екіде - в два часа. Екі сағатта - за два часа, в течение двух часов.» Осы тіркестердің мағыналарын баса түсіндіріп, жаттықтырған жөн. Бұл тіркестердің мағыналарын кейбірі бірден түсіне алмайды. Сол үшін сурақ-жауап, бір тілден екінші тілге аударту әдістерін кебірек қолданған жөн.

Шығыс септігінің әртүрлі мағыналық қырларын орыс мектебінде оқитын оқушыларға түгелдей түсіндіру оңай жұмыс емес. Сондықтан мұғалім шығыс септігінің мағыналық қырларын білдіретін сөйлемдерді күнілгері топтап дайындан алып, солар бойынша ұдайы жаттығу жұмыстарын орындату керек. Әрине, бұл мұғалімнің шеберлігін, ізденушілік қабілетін талап етеді.

Кемектес септік. Кемектес септігі орыс тілінде «творительный падеж» деп аталады. Кемектес септік те контекске және ұйытқы сөздің семантикасына байланысты әртүрлі мағына білдіреді. Кемектес септік мынадай мағыналарда қолданылғанда творительный падежбен мағынасы сәйкес келеді. «Қаламмен жазу - писать ручкой».[4, 373]

Септіктерді бөлек тармақ ретінде бөліп, жеке қарастыруымның мақсаты – көпшіліктің жіберетін қатесі. Мысалы, табыс септігінің ашық/жасырын тұратын біле бермейтіндер де

бар. «Әке, ертең сіздерге келін әкелемін. КелінДІ емес. Әке, ертең келіндеріңізДІ әкелемін.»  
«Біз арғын руынан қыз алғанбыз. Біз арғын руының қызЫН алғанбыз»

«Қазақ тілінде көмектес септік қандай бір әрекеттің объектісі болатын есім сөз не етістікке жалғанбайды. Көмектес септік тек әрекетті істейтін адамның қолындағы құралды, сол әрекетті істеу амалын, тәсілін не сол әрекетті ортақ істейтін екінші адамды білдіру үшін қоланылады. Мұны тексеру үшін "Жаңалығыммен кіммен бөлісемін?" деп сұрақ қойса жеткілікті. "Мен сеніМЕН жаңалығымМЕН бөлісемін". Қатарынан екі көмектес септік жалғауы тұрғаны қате. "Бөлісу" деген әрекеттің объектісі болатын сөз тек табыс септігінде тұрады: "Жар төсегін бөліскен", "Ой(ды) бөлісейік", тағы сол сияқты.

Бөліс етістігі - ортақ етісте тұр. Демек ол бір адам істейтін әрекетті емес, кем дегенде екі адам ортақ істейтін әрекетті білдіреді. Бір адам өз тарапынан ол әрекетті жеке-дара істей алмайды. Оған ортақ болатын адам керек. "Жиналғандар ой бөлісті". Ал "поделиться" сөзінің қазақ тіліндегі баламаларына келсек:

Поделилися куском хлеба. - Нанын бөліп берді.

Поделился мыслями. - Ойын ортаға салды.

Поделился новостью. - Жаңалықты жар салды (айтты, жариялады)

Бөлісу дегеннің өзі - бірнәрсеге ортақ болу. Біреуді бірнәрсеге ортақ қылу да емес. Екі (үш, төрт, көп) жақтан келіп бір нәрсеге ортақтасу. Қазақ "Тамақты бөлісіп жейді, жұмысты бөлісіп істейді", бірақ тамақПЕН, жұмысПЕН бөліспейді. "ЖаңалықПЕН бөлісу" дегенді жазғыңыз келгенде өзіңізден "жаңалықПЕН НЕНІ бөлісем?" деп сұраңызшы, сонда бәрі орнына тұра қалады.»[5]

Тіл - адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайты күйге кшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз - жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды. Жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Қай сөз қай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтірін сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып жалғасатын жүйесін білу керек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://bilim-all.kz/quote/11802>
2. <https://ortalyq.kz/aldyr-an-izi-m-gilik/>
3. Пірімбетов Т.Т. «Қазақ тілінің сөйлеу элементтері(қарапайым сөздер):Монография. – Қарағанды:ҚарМУ баспасы, 2011.–156 бет.
4. Маманов Ы. «Қазақ тіл білімінің мәселелері»/Құраст.:ф.ғ.д. Ғ. Әнес. – Алматы:"Абзал-Ай" баспасы, 2014.–640бет.
5. <https://t.me/KalkaStop>

#### Самат Аида Саматқызы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі

«№86 ЖББМ» КММ, Қарағанды қ.

[aida\\_901025@mail.ru](mailto:aida_901025@mail.ru)

### ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ МЕДИАЛИНГВИСТИКА

Қазіргі лингвистика әлемнің әртүрлі ғылыми орталықтарында қарқынды дамып келеді. Қазақ тіл білімі әлемдік тіл білімінің бір бөлігі ретінде лингвистика ғылымының қазіргі заманғы үрдістеріне сәйкес дамып өркендеп, бірнеше кезеңінен өтті. Қазақстан